

ЖШС «Кенесары07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Аялаған анашым»

(мерекелік ертеңгілік)

Тәрбиеші: Даулетова Б.Т.

2023-2024 оқу жылы

Жүргізуші:

- Сәлеметсің бе, Көктем! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды және әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған! Төрлет, ән тыңдап демінді ал.

- Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем әнін тарту етеді.

Ән: Анашым

Жүргізуші:

Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті аналар- дей отырып балалардың аналарына арналған таклақтарына кезек берейік

Айлин

Аяулым менің анашым,

Өзіңсің маған жанашыр.

Беклан

Аялаған анашым

Мәпелеген анашым

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

Төрехан

Анашым анам,

Келгенше шамам.

Үмітінді ақтап,

Азамат болам

Амина

Аспандағы айымсың

Бақытыма балаған

Құтты болсви мерекен

Айналайын жан әнам

Мариям

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз.

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз

Мақсат

Ақ әжемді әрқашан

Сыйлап жақсы көремін.

Қуантайын деп оны

Тақпақ айтып беремін

Айша

Анашым анам

Келгенше шамам.

Үмітінді ақтап

Азамат болам

Алинур

Мақсаты:

- мерекелік көңіл-күйін құру;
- ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;
- өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Жүргізуші:

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған, аналардың ақ нұрынан жаралған» дей отырып қадірлі аналар, ардақты әжелер сіздерді көктеммен күлімдей келген халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. «Аялаған анашым» атты ертеңгілікті мерекелік шашу етеміз.

Жүргізуші:

- Балалар, әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ кім екен?

Балалар:

- Аяулы анамыз!

Жүргізуші:

- Балалар, айтыңдаршы.
Бізді жақсы көретін,
Бар жақсыны беретін.
Баласы үшін әрдайым,
Мейірімін төгетін
- Ол кім?

Балалар:

- Анашым!

Жүргізуші:

- Жүрегіме жыр шашып,
Нұр төгетін Сіз екен.
Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекең!

Ой, балалар, тыңдандаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен?

(Әуенмен залға Көктем аруы кіреді)

Көктем: Сәлеметсіз бе, балалар! Айнала қандай тамаша! Балалар бүгін бәрің әдемі киініп алыпсыңдар ғой. Міне мен сендерге асыға жеттім. Келе жатқан көктем мерекелерін құтты болсын.

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,
Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.
Кездесуге асықтым мен сіздермен,
Биленсін би, айтылсын ән бұл залда.
Көктеммін мен
Мерекемен құттықтағым келеді.
Ақ әжелер, аяулы бар аналар,
Мерекеміз құтты болсын балалар!

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Жүргізуші: тек қана Сіздер үшін **Джентельмен ұлдар биі**

Көктем: -Жарайсындар балалар! Тақпақты да, әндіде жақсы айтасындар , би де әдемі биледіндер

Жүргізуші: Көктем біздің балалардың билері, әндері саған ұнап жатыр ма?

Көктем: Ия әрине ұнап жатыр! Балалар жақсы дайындалыпты. Мен балаларға бір ойын ала келдім.

Көктеммен ойын «Әуенмен қайтала»

Жүргізуші: Біздің аналарымыз керемет жандар ғой. Бір жағынан кір жуып қояды, бір жағынан, сабақ оқытып, балалар бірдеңе бүлдіріп қоймасын деп қарап жүреді, үйде барлығына да үлгереді.

Ендеше кезекті биге берейік.

Қызбар биі **«Барби»**

Көктем:Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласындар. Көріскенше сау болындар балалар. Музыка ойналып, Көктем залдан шығып кетеді.

Жүргізуші: Осымен бүгінгі «Аялаған анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі ертеңгілікте кездескенше қош сау болындар.

Жүргізуші:

- Ал біздің балалар аналарына, әжелеріне арнап сыйлықтар дайындады..

(Балалар сыйлықтарын үлестіреді)

-**Жүргізуші:** Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық!



